

Сырым ауданы бойынша 2011 жылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру және қаржыландыру туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы Сырым ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 21 сәуірдегі № 73 қаулысы. Батыс Қазақстан облысы Әділет департаментінде 2011 жылғы 11 мамырда № 7-10-101 тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Сырым ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 1 ақпандағы № 52 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Сырым ауданы әкімдігінің 2012.02.01 № 52 Қаулысымен

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" және 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңдарын басшылыққа ала отырып, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған 2011 жылы Сырым ауданындағы ұйымдардың тізбелері, қоғамдық жұмыстардың түрлері, төлемі мен нақты жағдайлары, қатысушылардың еңбегіне төленетін ақының мөлшері және олардың қаржыландыру көздері бекітілсін.

2. "Сырым аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын қажетті шаралар қабылдасын.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі және 2011 жылдың 1 қаңтардан туындаған құқықтық қатынастарға таратылады.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Ж. Батырниязовқа жүктелсін.

Аудан әкімі *Е. Нысанғалиев*

2011 жылғы 21 сәуірдегі
№ 73 Сырым ауданы әкімдігінің
қаулысымен бекітілді

2011 жылы Сырым ауданындағы ұйымдардың тізбелері, қоғамдық жұмыстардың түрлері, төлемі мен нақты жағдайлары, қатысушылардың еңбегіне төленетін ақының мөлшері және олардың қаржыландыру көздері

--	--	--	--	--

№	Ұйымдардың тізбелері	Қоғамдық жұмыс түрлері	Көлемі мен нақты жағдайлары	Қатысушылардың еңбегіне төленетін ақының мөлшері және олардың қаржыландандыру көздері
1	"Алғабас ауылдық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі	Түскен өтінімдер бойынша	Қазақстан Республикасындағы Еңбек кодексіне сәйкес келісім шарт бойынша	Қазақстан Республикасындағы қолданыстағы бекітілген Заңнамасына сәйкес ең төменгі жалақы мөлшерінен кем емес қаржыландыру жергілікті бюджет есебінен
2	"Аралтөбе ауылдық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі			
3	"Бұлан ауылдық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі			
4	"Бұлдырты ауылдық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі			
5	"Елтай ауылдық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі			
6	"Жетікөл ауылдық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі			
7	"Жосалы ауылдық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі			
8	"Жымпиты ауылдық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі			
9	"Қособа ауылдық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі			
10	"Сарой ауылдық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі			

11	"Талдыбұлақ ауылдық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі			
12	"Шолақаңқаты ауылдық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі			
13	Сырым ауданы әкімдігінің (шаруашылық жүргізу құқығындағы) "Сырым" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны			

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК